

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 27.03.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ — СОДЕРЖАНИЕ — CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АКМАГАМБЕТОВА Б.Е., САРСЕКЕ Г.Ә., ШАХИН И.	Сұхбат дискурсындағы коммуникативті стратегия мен тактика: қолданыс ерекшеліктері	7
БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., СЕРДАЛИНА С.К.	Ділдік лексикон және қостілділік	22
DOSZHAN Z.A., YERSULTANOVA G.T., KNASSANOVA M.T.	Lexicalising myth and cultural memory: a comparative study of kazakh and english mythologemes	31
ЕСКЕЕВА М.Қ., РАЙНБЕКОВА Г.С.	Түркі халықтарының тұрмыстық лексикасы: тарихи және мәдени аспектілері	40
ЖЫЛКЫБАЕВА М.С., САПАРБАЙҚЫЗЫ Ш., СПАТАЕВА С.Т.	Қытай және басқа да шығыс дереккөздеріндегі көне түркі қала атауларында кездесетін -кент/-кет формантының тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері	48
ИСКАКОВА Г.Ж., ТЛЕУБЕРДИНА Г.Т., ТАҢСЫҚБАЙ Ә.Қ.	Көркем мәтінді комикс форматына бейімдеудің лингвистикалық негіздері: отандық әдебиетке шолу	57
МАНАПБАЕВА Ж.Ж., АЛПЫСБАЕВА А.Е., ЖУСУПОВА А.У.	Аударма сапасын бағалау тәжірибесі	67
ОСПАНОВА Ф.А., БАЛХИМБЕКОВА П.Ж.	Бизнес терминологиясындағы кірме сөздердің ерекшеліктері	79
SAKYEVA G.O., IBRAIMOVA L.A.	The importance of lexical classification of film discourses in creating a multimedia corpus (based on the film “Alty jasar Alpamys” (“Six-year-old Alpamys”))	90

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДУЛЛИНА А.Б., СҰЛТАҒАЛИЕВА О.Қ., СЕЙСЕМБАЕВА Ж.А.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез поэтикасы мен символикасы	98
ALIYEV Y.N., TOIBAZAR A.M., TURDALI T.	The historical figure and the epic hero in kazakh epic poetry (based on the epic of Edige)	108
АЛИМКАНОВА Г.Б., ЖҮСІПОВ Н.Қ.	Ғалым Едіге Тұрсыновтың түркі халықтары фольклоры туралы тұжырымдары	121
ӘЛТАЙ А.Д., ЖӘЛЕЛОВА М.С., ҚИАРЫСТАНОВА Г.Қ.	Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы ауыл концептісі және ұлттық болмыс	130
БАКИРОВА Ш.А., БАЙМЫШ Л.Қ.	Ж. Бектұров шығармаларындағы азаттық сарын	140
YERZHANOVA F.M., IBRAEVA ZH.B., MUKANOVA ZH. R.	Reinterpreting the fairy tale: modern trends in kazakhstani children’s literature	151

GALYMZHANOVA Z.T., BAYTANASOVA K.M., KALIYEV A.K.	The narrative structure in S. Seifullin's novel «A hard road, a perilous journey»	162
ИБРАГИМОВА Д.Қ., АСЫЛБЕКҰЛЫ С., ТОҚШЫЛЫҚОВА Г.Б.	Жазушы Сайын Мұратбековтің сыншылық қыры	171
ИХСАН Д.М.	Түркістан мерзімді баспасөзінде ұлттық фольклордың жариялануы мен зерттелуі	181
КЕНЖЕҚОЖАЕВА А.М., ЖУСАНБАЕВА С.Б.	Метапоэтиканың метамәтіндік өлшемдері (А. Құнанбайұлы шығармашылығы негізінде)	192
МАКАТОВА А.А., ӘБСАДЫҚ А.А.	«Абай», «Сана», «Таң» журналдарындағы қазақ фольклор материалдары	202
МҰСТОЯПОВА А.Т., ИБРАИМОВА Ж.Ж., ЖАМАНОВА Ж.Ж.	Джордж Оруэлдің «1984» романындағы псевдокарнавал поэтикасы	211
НҰРБАЕВА А.Н., ТӨЛЕБАЕВА Қ., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Прецеденттік құбылыстардың көркем мәтіндегі қолданысы (Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары негізінде)	222
НҰРБАНОВА А.Қ.	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтары	235
СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б., ҚҰРМАНБАЙ А.П., ОБАЕВА Г.С.	Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы әйел бейнесі: архетип және сана трансформациясы	245
СЕЙПУТАНОВА А.Қ., НУРЛАНОВА А.Н.	Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресіндегі» қазақ рулары туралы мәліметтердің тарихи негізі	257
ХАМИДОВА А.Х., КАНАФИНА М.А., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Женский иронический детектив как форма социокультурного комментария (на материале романа Дарьи Донцовой «Маникюр для покойника»)	267

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

КАЙЫРБАЕВА Ж.К., РАХМЕТОВА Р.С.	Оқушылардың сөзсаптамын тілдесім әрекеті негізінде дамытудың педагогика-психологиялық аспектісі	275
KOILYBAYEVA R.K., KUSMANOVA K.A.	Formation of family values in children on the basis of family discourse	388
МАЖИЕВА Н.А., БАЛТАБАЕВА Н.С., А.БЕРКЕНОВА Р.	ЖОО-да қазақ эпостарды жобалық әдістеме арқылы оқыту	299
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., РАМАЗАНОВА Г.Х.,	Қазақ тілін оқытуда корпусстық тәсілдердің лексикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпалы	309
ТЕЛГОЖАЕВА Қ.С., ОДАНОВА С.А., ЖАЙЛАУБАЕВА М.Қ.	Ұлттық-мәдени код негізіндегі виртуалды жиі жүйесі: тіл үйренушілердің икемді дағды күзіреттілігін қалыптастыру	334
ТОҒЫЗБАЙ Н.Б., ЕРСУЛТАНОВА Г.С., ЖУМАХАНОВА Н.Н.	ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі өнімді сөйлеу әрекеттерінің ерекшеліктері	346

*А.А. МАКАТОВА¹А.А. ӘБСАДЫҚ²

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай,
Қазақстан

(e-mail: makatovaayagoz.99@mail.ru¹, absadyk.aa@ksu.edu.kz²)

«АБАЙ», «САНА», «ТАҢ» ЖУРНАЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОР МАТЕРИАЛДАРЫ

Аңдатпа. Аталмыш мақалада XX ғасырдың басында жарияланған «Абай», «Сана» және «Таң» журналдарында басылған қазақ фольклор үлгілері талдауға түсті. Бұл журналдар арқылы фольклор үлгілерін жинау мен жариялау ісінің жай-күйін саралауға мүмкіндік аламыз. Себебі, бұл басылымдар қазақ фольклортану ғылымының дамуына өзіндік үлес қосқан журналдардың қатарына енеді. Сондай-ақ бұл журналдар ауызша мұраны жазбаша формада ұсынған мерзімдік басылымдардың қатарына жатады. Журнал бетінде басылған қазақ фольклор мұраларын жариялаушы тұлғалардың есімдерін көрсету, жарық көрген фольклор үлгілерін сұрыптау мақсаты көзделді. Бұл басылымдар арқылы фольклорды жинақтау мен жариялау ісінің маңызы тұжырымдалады. Мақалада халықтың рухани және әдеби мұрасын сақтау мен жинау ісіндегі мерзімді басылымдардың қажеттілігі айқындалды. Журналда жарияланған аңыз-әңгімелер, батырлар жыры, жоқтау т.б. фольклор үлгілері қазақ қоғамының рухани мәдениетінің бір көрінісі ретінде қарастырылды.

Жасалған зерттеу негізінде аталмыш журналдардың сандарынан қазақ фольклор үлгілері мен деректері туралы мысалдар теріді. Мақаланы жазу барысында қазақ фольклор үлгілерін тақырыптық топтарға жіктеу әдісі пайдаланылды. Кейбір мысалдарды талдау кезінде сипаттау әдісі қолданылды. Жинақталған мысалдар XX ғасырдың басында басылған қазақ фольклоры үлгілерінің сол кезеңнің рухани келбеті мен қоғамдық сипатын ашудағы көрінісі ретінде сипатталды. Ұсынылған мысалдарды талдау мен жіктеу қазақ фольклор үлгілерін дереккөз ретінде қолдануға, ғылыми айналымға енгізу мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашады. Бұл мақаланың практикалық құндылығын арттыра түседі.

Түйін сөздер: қазақ фольклоры, Таң журналы, Абай журналы, Сана журналы, мерзімдік басылым, батырлар жыры, мақал-мәтелдер, фольклорлық жанрлар.

Кіріспе. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы уақыт аралығында алғашқы қазақ баспасөзі қалыптасып, ауыз әдебиеті ауызша түрден жазбаша түрге бет бұрды. Осы кезеңде әртүрлі бағытта жұмыс жасап жүрген газет пен журнал беттерінде қазақ әдебиетіне қатысты деректер мен мақалалар басылды. Соның ішінде, ауыз әдебиетіне қатысты түрлі деректер, тіпті толық нұсқадағы, кейде ішінара фольклор үлгілері де жариялана бастады. Аталмыш мақаланың басты мақсаты осы кезеңдегі мерзімдік басылымдарда қазақ фольклоры қалай көрініс тапты, оны жариялаушы кімдер болды деген сынды сауалға жауап іздеу. Бұл сұрақтарға жауап беру арқылы фольклор үлгілерінің баспа бетінде жариялану жай-күйін бағалай аламыз. Осы мақсат негізінде Таң, Сана және Абай журналдары негізгі зерттеу нысанына айналып отыр. Бұл журналдарда жарияланған қазақ фольклор

үлгілерін мазмұны жағынан тақырып бойынша топтастыру және сипаттама беру міндеті алға қойылды. Қазіргі таңда мерзімдік басылымдар жаңаша зерттеу нысанына айналып отыр. Осы бағытта зерттеушілер мен ғалымдар жаңа көзқараспен, жаңашыл бағыттағы зерттеулер жүргізуде. Жалпы, қазақ фольклорының табиғаты мен қызметі жайында тарихи және әдеби еңбектерде көптеген мағлұматтар келтірілген. Солардың бірінде, XIX ғасырдағы әр түрлі баспасөздердің негізгі мақсаттары: білімнің әлі де болса аз зерттелген саласы - фольклортану ғылымына материалдар жинап беру; әрі қазақтың төл мәдениетін сақтап қалуды және оның орыс мәдениетімен байланысын нығайтуды көздеді. Бұл туралы Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин өз еңбектерінде атап өткен [1, 27].

1911 жылы «Айқап» журналы, ал 1913 «Қазақ» газетінен бастап «Бірлік туы», «Сарыарқа» мен т.б. мерзімді басылымдар қоғамдық ойды өсіріп, көкжиегін кеңітті. Егер ескішіл дәстүріндегі әдебиетте көркем әлем аясы мен көркем дәстүрлер канонға айналған шығыстық-мұсылмандық шеңберімен ғана шектелсе, жаңа қаламгерлер ұлттық әдебиетте жалпы адамзаттық тақырыптарды кіргізіп, жаңашыл үрдістерді талаптарды ұлт әдебиетінің алдына қоя алды [2, 145].

Осы бағытта қазақ фольклоры туралы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми бағыттағы еңбектері мол. Атап айтқанда, Zhussupov N., Orazbek M., Mukusheva K., Akynbekova A., Bakenova R. Publicism of the early 20th century: Manuscripts of Maspkhur Zhusup [3], Zhusipov N., Baratova M., Kadyrova B., Gulnaz K. Legends devoted to Abylai Khan in the manuscripts by Mashkhur-Zhusip [4], Чобанғлы Ө., Әшірханова Қ., Жұматаева З. Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі [5], Stelios Michalopoulos and Melanie Meng Xue Folklore [6], Ашенова А.Т. Мерзімді баспасөзде көтерілген фольклорды жинау мәселесі [7], Қазақ әдебиетінің тарихы [8], [9], Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш [10], Қасқабасов С. Жаназық [11] пен Ойөріс [12] еңбектері, Жүсіпов Н.Қ. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы [13].

Аталмыш ғылыми мақаланың басты мақсаты – Абай, Таң және Сана журналдарының қазақ фольклорын жариялаудағы қызметін саралау. Зерттеудің негізгі бағыты – аталмыш журналдардағы тарихи аңыз-әңгімелердің, батырлар жырының, мақал-мәтелдердің жиналу мен жариялану ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан талдау. Мақал-мәтелдер – сол әлемнің, өмірдің өзі сияқты өте күрделі құбылыс, сондықтан мақал-мәтелдерден қоғамдық өмірдегі түрлі оқиғаларды, бір халықтың бүкіл тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, тіпті тарихын, сан ғасырлық тәжірибесін көруге болады. Мақал-мәтелдер халық фольклорының ажырамас атрибуты ғана емес, белгілі бір халықтың мәдениетінің атрибуты ұлттың өмірінің көрінісі, халықтың ойы мен табиғаты [5, 208].

Жұмыстың басты идеясы – қазақ фольклор материалдарының қазақ қоғамындағы оқырманға ұсыну маңыздылығы мен сол уақыттағы фольклордың дамуын бағалау.

Мақаланың практикалық маңыздылығына журнал номерлеріндегі қазақ фольклор үлгілерін жүйелеу мен болашақта фольклорлық зерттеулерде дерек ретінде қолдану мүмкіндігін кеңейту жатады.

Жұмыстың негізгі нәтижелері ретінде Таң, Сана, Абай журналдарында басылып шыққан фольклор мұраларын мазмұндық ерекшеліктерін сандық және сапалық жағынан сипаттау көзделді. Журналдардың қазақ фольклортану ғылымының дамуына қосатын үлесін айқындау.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланың негізгі зерттеу материалына Абай, Таң және Сана журналдарының барлық сандары таңдалып алынды. Бұл журналдар XX ғасырдың алғашқы ширегінде жарыққа шығып отырды. Басты бағыт басылым беттерінде жиі жарияланған қазақ фольклор материалдары мен мысалдарына қойылды. Фольклорлық туындыларды жинау кезінде олардың тақырыптық бағыты және мазмұндық сипаты сапалық және сандық тұрғыдан зерттелді.

Зерттеу мәселесі — Таң, Сана, Абай журналдарында басылған фольклор үлгілерін анықтау және олардың тақырыптық топтастырылуы арқылы қазақ фольклорының XX ғасырдың басындағы дамуына қосқан үлесін көрсету. Мақаланы жазу барысында

жарияланған барлық журнал сандарына шолу жасалынды. Бұдан бөлек, фольклор үлгілерін сұрыптау және тақырыптар бойынша топтастыру іске асырылды. Мақаланы жазу барысында сипаттамалы әдіс бойынша мәтіндердің мазмұнына талдау жүргізілді.

Талқылау мен бақылау. XX ғасырдың басында басылған журналдардың сандарында көрініс тапқан фольклор туындылары қазақ фольклортану аспектісінің маңызды зерттеу нысанына айналып отыр. Бүгінгі күні Алаш көсемсөзіне жататын аталмыш журналдарды зерделеу әлі де өзекті. Алаш қайраткерлері Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов бірлесе отырып 1918 жылы Алаш (Семей) қаласында шығып отырған Абай журналының ерекшелігі «Қазақ» газеті қалыптастырған тәуелсіздік рухын одан әрі кемелдендіріп, философиялық, психологиялық терең талдауларға құрылған жарияланым болуы [14]. Бас редакторы Халел Досмұхамедұлы болған, 1923-1924 жылдары Ташкент қаласында жарық көрген «Сана» журналында қазақ фольклор үлгілері жиі басылған. Бұл журналдың о бастағы ұстанған мақсаты «жаңа саналы» адам қалыптастыру емес, ұлттық негізден білім алған ұрпақ тәрбиелеу еді. Бұл журналда «Мектеп», «Әдебиет», «Халық әдебиеті», «Мәдениет майданы», «Тәрбие-тәлім», «Сын», «Ойын-сауық» бөлімдері болды [15, 10]. 1925 жылы Семей қаласында жарық көрген «Таң» журналының жарияланымдары араб қарпінен кириллицаға түсірілді. Журналды шығаруға жауаптылар – Ш.Тоқжігітов, А.Сайдалиң, Ш.Джантілеуов деп көрсетілген. Журналды шығарушылардың бірі ретінде М.Әуезов те аталады [16]. Бұл журналда әдебиет, руханият пен мәдениет мәселелері атты бөлім болды. Осы бөлімде әдеби шығармалар мен өлеңдер жарияланып отырды. Сонымен қатар, халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілері, хандар мен би-шешендердің нақыл сөздері, Асан қайғының айтқандары, Бұқар жыраудың жырлары әр санда жарияланды. Бұл қазақты рухани нәрден, ұлттық болмысынан ажыратпауға бағытталған әрекет еді [17, 18].

Енді, осы журналдарда басылған қазақ фольклор үлгілері мен мәтіндеріне назар аударсақ. Олар негізгі төрт топқа топтастырылды. Әуелі, ауызша тараған тарихи аңыз-әңгімелер, екінші топқа – батырлар жыры, үшінші топқа – азалау фольклоры (жоқтау, көңіл айту т.б.) және соңғы топқа дидактикалық сарындағы фольклор үлгілері (мақалдар, жұмбақтар) жатқызылды.

Сана журналында ауыздан ауызға тараған тарихи аңыз мазмұнындағы әңгімелер мол басылған. Жалпы, тарихи аңыздар өмірде болған нақты тарихи тұлға жайында немесе оның төңірегінде орын алған оқиғаға негізделген, алайда халықтың танымына сай мифологиялық, яки эпикалық сипат алған ауызша әңгімелер. Бұндай тарихи аңыздарды көбінесе жыраулар мен қариялар айтып таратқан. Байқағанымыздай, фольклор үлгілерін журнал бетіне басып шығарған материалдарды авторлардың көпшілігі ауызша естіген, яғни, қариялардан естіп хатқа түсірген. Мәселен, Тобықты арғын Құнанбай мен қоңырат Сапақ бидің қағысқаны (Сана, 1923, №1, 106 бет) атты әңгімені жариялаушы Жажеке болғанымен, оны авторға айтып берген Қоқыш ақсақал екендігін, автор ақсақалдан естідім деп шығарма соңында көрсетуі арқылы түсіндіреді. Демек, қазақ фольклорының бұл түрін негізгі таратушысы егде жастағы ақсақалдар болған. Олардың қатарына: Қоқыш ақсақал, Бекен ақсақал, 3-Л молда, Жуан шәкірт, Көкбай ақсақал, Шәкәрім ақсақал жатқызылды. Ал осы фольклор мәтіндерінің журнал бетіне теріліп, шығуына себепкер тұлғаларға: Тілеке Ж., Кәрімқұл Назарұлы, М.Жұмабаев, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Сәбит, Жаманқұлұлы Рақымжан, Мұхтар, Жұмат Шанин, Әбдіш Біләлұлы, Д.Х. жатады.

Әуелі, жинақталған тарихи аңыз-әңгімелердің тізімі мен жинаушыларды көрсетуді жөн санадық. Келесі мысалдар халық арасында батырлар, би-шешендер жайында тараған тарихи әңгімелер мен аңыздар тобына жатады. Оны жинаушы және теруші авторлардың есімдері қоса берілді. Мысалы, Бекболат би (Абай, 1918, №2, 91-92 бет), Шын бақтың айнасы, жариялаушы Шәкәрім (Абай, 1918, №4, 145-147 бет), Ескі сөз, теруші: Сұлтанмахмұт (Абай, 1918, №4, 164-165 бет), Бетім ау, құдағи ғой (Абай, 1918, №4, 165-171 бет), Жанақ пен Рүстем, жинаушы: Сәбит (Абай, 1918, №6, 237-242 бет), Билер сөзі: Ақ найман Ойсынбай, жинаушы: Сұлтанмахмұт, дәл осы бетте атауы жоқ әңгіме авторы Көпеев (Абай, 1918, №10, 329-330 бет), Ескі сөз, жинаушы: Ғабдулла Байтасов (Абай, 1918, №11, 369-370 бет), Бала

бидің бір сөзі (Сана, 1923, №1, 107 бет) жинаушы Бекен ақсақалдан естідім. Ж., Үш жүздің сыны, жинаушы 3-А молдадан естідім (Сана, 1923, №1, 108 бет), Қай жүз көп? жариялаушы Тілеке (Сана, 1923, №1, 109 бет), Тұрсынбай батыр, жариялаушы Жуан шәкірттен естідім. Ж. (Сана, 1923, №1, 110 бет), Қарауыл арғын Қанайұлы Бекболат бидің бір орыстың төресімен қағысқаны, жариялаушы Бекен ақсақалдан естідім Ж. (Сана, 1923, №1, 111-112 бет), Қымбат намаз, жариялаушы Кәрімқұл Назарұлы (Сана, 1923, №1, 113 бет), Абайылда хан айдаудан келгенде Орымбай ақынның айтқаны, жинаушы Қошке (Сана, 1924, №2-3, 307-308 бет), Аюдың қойға батасы, жариялаушы Қарабала (Сана, 1924, №2-3, 309-310 бет), Адай Абыл ақынның сөздерінен қалған бір жұрнақ, жариялаушы Д.Х. (Сана, 1924, №2-3, 311 бет), Абылай мен Қайыршы сөзі, жариялаушы Жаманқұлұлы Рақымжан (Таң, 1925, №1, 118 бет), Сыбан Сабырбай ақынның Солтабай төреге айтқан сөзі (Көкбай ақсақалдың айтуынша), жинаушы: М. (Таң, 1925, №1, 118-119 бет), Асан қайғы желмая мініп, желдіртіп Сарыарқаны аралап жүргендегі жерге қойған сындары, жариялаушы Жаманқұлұлы Рақымжан (Таң, 1925, №1, 134-137 бет), Бұқар жырау сөзі (Көкбай ақсақал айтуынша), жинаушы Мұхтар (Таң, 1925, №1, 137-138 бет), Жаман бақсының сарыны (Көкбай, Құраш ақсақалдардың айтуынша), жинаушы М. (Таң, 1925, №1, 139 бет), Хан мен уәзір (ескілікті сөз), жариялаушы Жұмат Шанин (Таң, 1925, №1, 144-146 бет), Бұқар жыраудың Керейге айтқан сөзі (Көкбай ақсақалдан), жинаушы М. (Таң, 1925, №1, 146-147 бет), Жиренше әңгімесі (Мәшһүр Жүсіп айтуынша), жинаушы Әбдіш Біләлұлы (Таң, 1925, №1, 148-149 бет), Ай, Таңсықтың қоштасқаны (Жанақ ақын айтуындағы Қозыкөрпеш-Баяннан), жариялаушы жазылмаған (Таң, 1925, №2, 288-289 бет), Сыбан Ақтайлақ би (Көкбай ақсақал айтуынша), жинаушы Мұхтар (Таң, 1925, №2, 289-291 бет), Төлеңгіт Тәңке батырдың сөзі (ел аузынан), жинаушы: Шәймерден (Таң, 1925, №2, 324-325 бет), Жеке би, жинаушы: Ыбырай Қасен (Таң, 1925, №2, 341-343 бет), Избасты би, жинаушы: Абдоллаұлы (Таң, 1925, №2, 343-344 бет), Асан Қайғының жерге қойған сындарына (аз түзеу), жариялаушы: ел аузынан жазып алдым – Шәймерден (Таң, 1925, №2, 349 бет), Тіленші мен Ер Жәнібек әңгімелері, жинаушы Жаманқұлұлы Рақымжан (Таң, 1925, №3, 128-130 бет), Алтыбай ақынның Тіленшіге айтқан сөзі (Көкбай ақсақал айтуынша), жинаушы: М. (Таң, 1925, №3, 134-135 бет), Сүйіндік Едіге бидің сөзі, Байбекұлы Уайда (Таң, 1925, №3, 136-137 бет), Қазыбек би сөзі (Таң, 1925, №3, 151 бет), Ескі билік (Шәкәрім ақсақал айтуынша) (Таң, 1925, №3, 151-152 бет), Қараменде мен Кеңгірбай (Қабекең) (Шәкәрім ақсақал айтуынша), (Таң, 1925, №3, 170-172 бет), Сарышуаш би, жинаушы: Жаманқұлұлы Рақымжан (Таң, 1925, №3, 172-173 бет). Қорытындылай келе, журналдарда жарияланған тарихи аңыздар қазақ фольклорының құрамдас бір бөлігі болып саналады.

Келесі тақырыптық топқа батырлар жыры жатқызылды. Батырлар жыры фольклордың эпикалық жанрына жатқызылатын классикалық үлгінің бірі. Сана журналының білім бөлімінде Мырза Едіге батыр (Ертектігі Едіге мен тарихтағы Едіге) атты батыр туралы (Сана, 1924, №2-3, 216-224 бет) тарихи жыр баяндалған. Дәуітбек (оқшау өлең), жариялаушы С.Дөнентайұлы (Таң, 1925, №1, 132-134 бет), Қобыланды батыр (Ел әңгімесіндегі Қобыланды ел қиялының ұлы батыры), жариялаушы Мұхтар (Таң, 1925, №1, 177-186 бет), жалғасы әдебиет бөлімінде ұсынылған Қобыланды батыр, жариялаушы: Мұхтар (Таң, 1925, №2, 345-348 бет).

Батырлар жырынан бөлек, азалау фольклорының ішіне енетін жоқтау, қоштасу секілді өлең жырлар кездеседі. Жоқтау – өлген кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау көбінесе белгілі адамдарға айтылады. Өлген адамның қатыны, я қызы, я келіні зарлы үнмен өлген адамның тірідегі істеген істерін, өлгенінше бастарына түскен қайғы-қасірет, күйіктерін шағып, жылағанда айтатын жыр түріндегі сөз [6, 134].

Жоқтау өлеңдерге жататын мысалдар: Абайдың басылмаған өлеңі (бір немесе інісі өлгенде айтқан) (Таң, 1925, №2, 291-292 бет), Бөгенбай батыр өлгенде Үмбетей жыраудың Абылай ханға естірткен сөзінен (Таң, 1925, №4, 342 бет), Күдері Қожаның Қарқаралы тауымен қоштасқаны (Таң, 1925, №4, 312-314 бет), Әруақпен айтысу (Сана, 1924, №2-3, 312-315 бет), жариялаушы Д.Х. бұл шығарма жоқтаудың бір түріне жатады, сондай-ақ, там

салу, ас беру, өліктің аруағына сиыну секілді ырымдар туралы сөз етіледі. Наурызды қосқан ескінің бір өлеңінде (Таң, 1925, №4, 340 бет) Жәнібек өлгенде қызы келіп әкесін жоқтайды, сол жырдан үзінді ұсынылған.

Дидактикалық фольклор формасы жағынан қысқа, шағын, әрі өмірлік тәжірибеге құрылған халықты жақсы қасиеттерге баулитын, ізгілікке тәрбиелейтін ауыз әдебиетінің жиынтығы. Журнал беттерінде дидактикалық фольклор үлгілері толық және ішінара жарияланған. Мысалы, Сана журналында жұмбақтар (1923, №1, 169-170 бет) және оның жауаптары толық нұсқада көрсетіліп басылған. Ал «Жарлы болсаң, арлы болма, қалауың тапса, қар жанады, сұрауың тапса, адам баласының бермесі жоқ, атың шықпаса жер өрте, жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол, алтын көрсе, періште жолдан шығады, ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті» секілді мақалдардың мазмұны мен ғибрат алар қызметін сынай бағалаған Мақал туралы, Абайдың сөзі (Абай, 1918, №7, 255-256 бет) атты тақырыпта ішінара жарияланған мақалаға жатқызуға болады. Себебі, мақалдар толық нұсқада тізбектеліп ұсынылмайды, автор тарапынан ел аузында жүрген мақалдар талдауға түсіп, қалың оқырманға ұсынылады. Осындай ішінара мақала мазмұнында фольклорға қатысты материалдар ретінде кездесетін мысалдарға Сана журналындағы тәрбие-тәлім бөлімінде «Басқыш мектепте қолданылатын жиынды программа» атты Наурыз күні істелетін жол-жоралар таныстыру керектігі жайында (Байтасұлы Абдолла) ұсыныс нышанындағы мақаласын (Сана, 1924, №2-3, 207 бет) жатқызуға болады. Бұл деректер фольклор үлгісіне толық мысал бола алмаса да, қазақ фольклорын зерттеу үшін қосымша дерек ретінде пайдалануға болады.

Маусымдық ғұрып фольклоры үлгілеріне жататын: наурыз жайындағы өлеңдер, Сол күні қоштасып көрісу туралы, жинаушы: Шәкәрім (Таң, 1925, №4, 338-339 бет) толық нұсқада басылған фольклорлық материалға жатады.

Нәтижелер. XX ғасырдың басында шығып отырған Абай, Таң және Сана журналдарында қазақ фольклор үлгілері жиі жарияланғандығы анықталды. Аталмыш журналдардың тақырыптық-мазмұнындағы әдебиет, руханият, халық әдебиеті сынды бөлімдері фольклор үлгілерін жариялаушы алаң болып табылды. Басылған мысалдар қазақ халқының рухани және мәдени мұрасы туралы әртүрлі ақпараттар береді. Мәселен, жұмбақтар, мақалдар, жоқтау өлеңдері сол кезеңнің өмір тәжірибесі мен рухани болмысын түсінуге көмектеседі. Жалпы саны 47 мысалдар жиналды, соның ішінде тарихи аңыз-әңгімелер, батырлар жыры, дидактикалық фольклор үлгілері, жоқтау, наурыз туралы өлеңдер жататындығы анықталды. Демек, ең жиі кездесетін фольклор мұрасына тарихи бағыттағы аңыз-әңгімелер жататындығы анықталды. Тарихи аңыз-әңгімелерді талдау нәтижесінде олардың көпшілігі би-шешендердің, халық әншілері мен жыраулардың, хандардың өмірі мен оқиғаларына арналғандығы айқындалды. Демек, сол кезеңде хан-билердің айтқан сөзі бағытындағы мәселелер жиі көрініс тапқан. Тарихи аңыз-әңгімелердің жалпы саны – 38, батырлар жыры – 3, жоқтау – 5 мысал және 1 наурыз туралы өлең маусымдық ғұрып фольклоры болып табылды. Мақал-мәтелдер, жұмбақтар шағын дидактикалық фольклорлық жанр ретінде қарастырылды. Бұл фольклорлық үлгілер қоғамдағы адамгершілік қасиеттерді жетілдіру мен болашақ жас ұрпақтың саналы өсуіне бағытталған құрал ретінде қызмет атқарды. Жүйеленген барлық мысалдарды қазақ фольклортану ғылымында ақпарат көзі ретінде пайдаланылуға болады.

Қорытынды. Зерттеу барысында газет беттерінен 47 мысал жинақталып, олар өзара төрт тақырыптық топтарға, соның ішінде тарихи аңыздар, батырлар жыры, дидактикалық фольклор мен жоқтау өлеңдер секілді тақырыптарға жүйеленді. Фольклор үлгілерін талдау барысында сипаттау және жүйелеу әдістері қолданылды. Байқағанымыздай, Абай, Сана, Таң журналында тарихи аңыз әңгімелер, жоқтау мен наурыз жыры және дидактикалық сарындағы қазақ фольклор материалдары кездеседі. Мақалдар халық даналығының көрінісі ретінде тәрбиелік, тағылымдық қызмет атқарады.

Қорытындылай келе, Сана, Таң және Абай журналдары фольклорды жинақтаушы қызметін ғана емес, оны ұлт санасына сіңіруге тырысқан құнды мәдени алаңға жатады.

Жинақталған барлық мысалдар бүгінгі фольклортану ғылымы үшін маңызды дерек қатарына жатады. Аталған журналдар тек фольклорды жинақтаушы қызмет атқарғанымен шектелмей, қазақ қоғамының рухани өміріне әсер ететін маңызды мәдени алаңға айналды. Бұл басылымдар халық ауыз әдебиетін, дәстүрлі жыр-дастандар мен мақал-мәтелдерді жинақтап қана қоймай, оны ұлттық сананы қалыптастыру, ұрпаққа жеткізу, адамгершілік және рухани құндылықтарды насихаттау құралдары ретінде қолданды. Журналдардың беттерінде жарияланған материалдар арқылы қазақ әдебиеті мен мәдениеті арасындағы сабақтастық сақталып, дәстүрлі және жаңа әдеби үрдістерді байланыстыруға мүмкіндік туды. Сонымен қатар, бұл басылымдар қоғамның білімге, өнерге, әдебиетке деген қызығушылығын оятып, ұлттық идеяны таратуда, ұлт бірлігін нығайтуда маңызды рөл атқарды.

Жалпы алғанда, «Сана», «Таң» және «Абай» журналдары – қазақ руханиятының маңызды институттары болып, фольклор мен әдеби мұраны зерттеу, насихаттау, қоғамның мәдени-рухани дамуына үлес қосу тұрғысынан тарихи және мәдени маңызға ие. Журналдарда жарияланған мақалаларды сараптай келе, мынадай ерекшеліктерді атап өтуге болады. Журналдардың бөлімдерінде ел аузында тараған әңгімелер мен аңыздар жиі жарияланған. Тіпті, батырлар жыры мен халық арасында танымал би-шешендердің айтқан нақыл сөздерін қағаз бетіне түсіру ісінің қолға алынуы, соған бағытталған арнайы бөлімдердің болуы талданып отырған журнал саясаты мен идеологиясының мақсаты көкейкесті тақырыптарды көпшілік оқырманға таныстыру екендігін байқатады.

Журнал сандарында мақал-мәтелдер мен жұмбақтардың жазбаша басылып шығарылуы, жастардың бойында тәрбие мен адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мен насихаттау мақсатында оразан зор рөл атқарды. Осылайша, XX ғасырдың алғашқы жартысында жарияланған журналдардың номерлерінде жарияланған фольклор материалдары қазақ халқының рухани және әдеби мұрасының сақталуы мен таралуына үлес қосты. Алаш көсемсөзіне жататын бұл журналдар ұлттық әдеби мұраны жинау мен жариялауда өзіндік ықпал еткен құнды басылымдар деп бағалауға болады.

Жалпы алғанда, «Сана», «Таң» және «Абай» журналдары – фольклор мен әдеби мұраны зерттеу, насихаттау, қоғамның мәдени-рухани дамуына үлес қосу тұрғысынан тарихи және мәдени маңызға ие.

Әдебиеттер

1. Атабаев Қ. Мерзімді басылым Қазақстан тарихының дерек көзі (1870- 1918). тар. ғыл. докт. дисс. авторефераты. – Алматы, 2000. - 54 б.
2. Қасқабасов С., Карипбаев Ж. Алаш әдебиетіндегі фольклорлық негіздер // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №3. – Б. 142-153.
3. Zhussupov N., Orazbek M., Mukusheva K., Akynbekova A., Bakenova R. Publicism of the early 20th century: Manuscripts of Maspkhur Zhusup // *Man in India*. – 2017. – № 14 (97). – P. 419-429.
4. Zhusipov N., Baratova M., Kadyrova B., Gulnaz K. Legends devoted to Abylai Khan in the manuscripts by Mashkhur-Zhusip // *Middle East Journal of Scientific Research*. – 2013. – № 4 (14). – P. 485-489.
5. Чобаноғлу Ө., Әшірханова Қ., Жұматаева З. Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. Филология сериясы. – 2003. – №2. – Б. 207-220.
6. Stelios Michalopoulos and Melanie Meng Xue. Folklore // *The Quarterly Journal of Economics*. – 2021. – 136 (4). – 1993 – P. 2046.
7. Ашенова А. Т. Мерзімді баспасөзде көтерілген фольклорды жинау мәселесі // *Фундаментальные и прикладные исследования: гипотезы, проблемы, результаты*. – 2018. – Б. 58-63.
8. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Фольклор. – Алматы: Ғылым, 1948 – 440 б.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 6-том. 2-кітап. – Алматы: Қазақпарат, 2006. – 296 б.

10. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
11. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
12. Қасқабасов С. Ойөріс. – Алматы: Жібек Жолы, 2009. – 303 б.
13. Жүсіпов Н. Қ. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы: филол. ғыл. д-ры ғылыми ... дисс. автореф.: маманд. 10.01.09 «Фольклористика» / Н. Қ. Жүсіпов – Алматы, 2006. – 47 б.
14. Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 8- Кітап.: Абай. – Алматы: Өнер, 2011. – 384 б.
15. Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 5- Кітап.: Сана – Алматы: Өнер, 2011. – 320 б.
16. Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 6- Кітап.: Таң. – Алматы: Өнер, 2011. – 368 б.
17. Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 7- Кітап.: Таң. – Алматы: Өнер, 2011. – 368 б.

А.А. МАКАТОВА, А.А. АБСАДЫҚ

Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, Костанай, Казахстан

МАТЕРИАЛЫ КАЗАХСКОГО ФОЛЬКЛОРА В ЖУРНАЛАХ «АБАЙ», «САНА», «ТАН»

Аннотация. В данной статье проанализированы образцы казахского фольклора, опубликованные в начале XX века в журналах «Абай», «Сана» и «Тан». Благодаря этим журналам мы получаем возможность дифференцировать состояние сбора и публикации образцов фольклора. Это связано с тем, что эти издания входят в число журналов, внесших свой вклад в развитие казахской фольклористики. Эти журналы также относятся к периодическим изданиям, в которых устное наследие представлено в письменной форме. Целью было указать имена лиц, издающих казахское фольклорное наследие, напечатанное на страницах журнала, а также отсортировать опубликованные образцы фольклора. В этих публикациях формулируется значение обобщения и публикации фольклора. В статье определена необходимость периодических изданий в деле сохранения и сбора духовного и литературного наследия народа. Образцы фольклора, опубликованные в журнале: рассказы-легенды, песни героев, плач (жоктау) и т.д. рассматривались как одно из проявлений духовной культуры казахского общества.

На основе проведенного исследования из данных журналов были набраны примеры и материалы казахского фольклора. В ходе написания статьи был использован метод классификации образцов казахского фольклора на тематические группы. При анализе некоторых примеров использовался метод описания. Собранные примеры характеризовались как отражение образцов казахского фольклора, напечатанных в начале XX века, в раскрытии духовного облика и общественного характера того периода. Анализ и классификация представленных примеров позволяют использовать образцы казахского фольклора в качестве источников, расширить возможности введения в научный оборот. Это увеличивает практическую ценность статьи.

Ключевые слова: казахский фольклор, журнал «Тан», журнал «Абай», журнал «Сана», периодическое издание, песни героев, пословицы, фольклорные жанры.

A.A.MAKATOVA, A.A.ABSADYK

Kostanay Regional University named after A. Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan

MATERIALS OF KAZAKH FOLKLORE IN THE JOURNALS «ABAI», «SANA», «TAN»

Annotation. This article analyzes the samples of Kazakh folklore published in the early XX century in the journals «Abai», «Sana» and «Tan». Thanks to these journals we get an opportunity to differentiate the state of collection and publication of folklore samples. This is due to the fact that these editions are among the journals that contributed to the development of Kazakh folkloristics. These journals are also among the periodicals in which oral heritage is presented in written form. The aim was to indicate the names of persons publishing Kazakh folklore heritage printed in the pages of the journal, and to sort the published samples of folklore. These publications formulate the meaning of generalization and publication of folklore. The article identifies the necessity of periodicals in preserving and collecting the spiritual and literary heritage of the people. Samples of folklore published in the magazine: stories-legends, songs of heroes, lament (joktau) etc. were considered as one of the manifestations of the spiritual culture of Kazakh society.

Based on the conducted research, examples and materials of Kazakh folklore were typed from these magazines. In the course of writing the article, the method of classifying samples of Kazakh folklore into thematic groups was used. The method of description was used in analyzing some examples. The collected examples were characterized as a reflection of samples of Kazakh folklore, printed in the early twentieth century, in revealing the spiritual image and social character of that period.

Keywords. Kazakh folklore, magazine «Tan», magazine «Abai», magazine «Sana», periodical, songs of heroes, proverbs, folklore genres.

References

1. Atabaev Q. Merzımdı basylym Qazaqstan tarihınyñ derek közi (1870- 1918). tar. ğyl. dokt. ... diss. avtoreferaty. – Almaty, 2000. – 54 b.
2. Qasqabasov S., Karipbaev J. Alaş әдебиетіндегі фәлклорлық негіздер // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. Filologia seriasy. – 2024. – №3. – B. 142-153.
3. Zhussupov N., Orazbek M., Mukusheva K., Akynbekova A., Bakenova R. Publicism of the early 20th century: Manuscripts of Maspkhur Zhusup // Man in India. – 2017. – № 14 (97). – P. 419-429.
4. Zhusipov N., Baratova M., Kadyrova B., Gulnaz K. Legends devoted to Abylai Khan in the manuscripts by Mashkhur-Zhusip // Middle East Journal of Scientific Research. – 2013. – № 4 (14). – P. 485-489.
5. Chobanoğlu Ö., Aşırhanova Q., Jūmataeva Z. Maqal-mätelderdegi ülttyq minezdıñ körınısı // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. Filologia seriasy. – 2003. – №2. – B. 207-220.
6. Stelios Michalopoulos and Melanie Meng Xue. Folklore // The Quarterly Journal of Economics. – 2021. – 136 (4). – 1993 – P. 2046.
7. Aşenova A. T. Merzımdı baspasözde köterılgen fәlklordy jınau мәselesı // Fundamentälnye i prikladnye issledovania: gipotezy, problemy, rezültaty. – 2018. – B. 58-63.
8. Qazaq әдебиетінің тарихы. 1-tom. Fәlklor. – Almaty: Čylym, 1948 – 440 b.
9. Qazaq әдебиетінің тарихы. On tomдық. 6-tom. 2-кітап. – Almaty: Qazaqparat, 2006. – 296 b.
10. Baitürsynov A. Әдебиет танытқыш. Zertteu men öleñder. – Almaty: Atamūra, 2003. – 208 b.
11. Qasqabasov S. Janazyq. Är jylğy zertteuler. – Astana: Audarma, 2002. – 584 b.
12. Qasqabasov S. Oiörıs. – Almaty: Jıbek Joly, 2009. – 303 b.
13. Jüsıpov N. Q. HH ғасырдың бірінші jartysındağy qazaq fәlklortanu ğylymy: filol. ğyl. d-ry ğylymi ... diss. avtoref.: mamand. 10.01.09 «Fәlkloristika» / N. Q. Jüsıpov – Almaty, 2006. – 47 b.
14. Alaş kösemsözi. 10 tomдық. 8- Kıtıp.: Abai. – Almaty: Öner, 2011. – 384 b.
15. Alaş kösemsözi. 10 tomдық. 5- Kıtıp.: Sana – Almaty: Öner, 2011. – 320 b.
16. Alaş kösemsözi. 10 tomдық. 6- Kıtıp.: Tañ. – Almaty: Öner, 2011. – 368 b.
17. Alaş kösemsözi. 10 tomдық. 7- Kıtıp.: Tañ. – Almaty: Öner, 2011. – 368 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Макатова Аягоз Артуровна – А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің докторанты, Қостанай, Қазақстан.

Макатова Аягоз Артуровна – докторант Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, Костанай, Казахстан.

Makatova Ayagoz Arturovna – doctoral student of Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan.

Әбсадық Алмасбек Ахметұлы – филология ғылымдарының докторы, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің профессоры, Қостанай, Қазақстан.

Абсадық Алмасбек Ахметұлы – доктор филологических наук, профессор Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, Костанай, Казахстан

Absadyk Almasbek Akhmetuly – Doctor of Philology Sciences, professor of the Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan